



**ІШКІ ТАЛДАУ
№1 ҚАЛАЛЫҚ КЛИНИКАЛЫҚ
АУРУХАНАСЫ**

01.01.2023 - 01.06.2023

Аналитикалық анықтама

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 Қалалық клиникалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2023 жылғы 1-ші жартыжылдығына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 қалалық клиникалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (ары қарай-№1 аурухана) Әкімшілігі, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы мемлекеттік мекемесі (ары қарай-Басқарма) «**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**» комплаенс офицері қызметінің 01.01.2023ж. – 31.06.2023ж. аралығында атқарылған жұмысы:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мына қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

15.05.2023ж. №1 аурухананың №316-ж/қ санды бұйрық негізінде, «**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы**» комплаенс-қызметінің офицері – Абдул-Азиз Азаматулы Кадыровка жүктелген.

Бұл ретте, №1 аурухананың №316-ж/қ санды бұйрығына сәйкес, 17.05.2023ж. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережесі» бекітілген болатын.

ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 8-бабының 5-тармағын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" №21 бұйрығына сәйкес медициналық мекемелер ішкі талдау жүргізуге міндетті делінген. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің басшысының, ол болмаған жағдайда оның міндеттерін атқарушының немесе оның лауазымын алмастырушының шешімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі болып табылады.

№1 аурухана бас дәрігердің 23.05.2023 жылғы №341-ж/қ бұйрығымен ішкі талдау жүргізу бойынша тағайындалған жұмыс тобының мүшелері:

- Комплаенс-офицер – А.А. Кадыров;
- Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары – М.Ш.Турсунханов;
- Бас мейірбике – Г.Б.Меймашова;

№1 аурухана өз қызметінде ҚР Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексін, ҚР Еңбек кодексін, "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңын, ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің қаулысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" №21 бұйрығына сәйкес басшылыққа қалады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;**
- 2) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

2023 жылғы 01.01.-31.06. аралығындағы кезеңіне №1 аурухана ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бағытындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді:

1) "Қызметкерлерді басқару":

2) "Мүдделер қақтығысы» және «ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»:

3) "Мемлекеттік қызмет көрсету»:

4) «Мемлекеттік сатып алу»:

5) Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің ақпарат көздері:

- 1) бөлімшеге қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 3) бөлімшеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 4) прокурорлық қадағалау актілері;
- 5) сот актілері;

1) «Қызметкерлерді басқару» ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) Еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесінде көзделмеген құжаттардың талаптарында көрінетін бұзушылықтар;
- 2) Мамандар сертификатының болмауы немесе қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 3) Мамандардың біліктілігін арттырудан өту мерзімдерінің аяқталуы.

№1 ауруханаға жұмысқа орналасу және жұмыстан босату 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы «Еңбек кодексі» №414-V бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

№1 аурухана медицина қызметкерлері белгіленген мерзімде кадрларды қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №72 бұйрығына сәйкес өтеді.

01.06.2023 жылғы жағдай бойынша қызметкерлердің штат бірлігі (негізгі қызметкерлер және қоса атқаратын қызметкерлер 1180 бірлік құрады.

2) «Мүдделер қақтығысының» және бөлімшенің «ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

Оның пайда болу қаупі жақын туыстардың жұмысы жағдайында болуы мүмкін, бұл жеке мүдделер мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Осы тәуекелді талдау туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы адамдардан басшының атына хабарлама жоқ екенін көрсетеді.

2023 жыл басынан сыбайлас жемқорлық фактілері тіркелген жоқ. Комплаенс-офицері 11-00: 12-00 аралығында аурухананың барлық қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Қазіргі таңда толыққанды жұмыстар жүргізіліп (түсіндірме жұмыстары, бейнебақылау орнату арқылы, және керекті заттарды толығымен қамтамасыз ету арқылы) медбикелер, санитаркалар арасында сыбайлас тәуекелдері жойылған. №1 қалалық клиникалық аурухана бойынша қызметкерлерге және науқастарға қажетті заттармен толығымен қамтамасыз етілген және №1 аурухана бейнебақылау операторлары орнатылған камералар арқылы қызметкерлерді бақылауда.

3) "Мемлекеттік қызмет көрсету»

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер нәтижелерін беру мерзімдерінің созылуы;
 - 2) Тізбеге кірмейтін құжаттаманың талабы;
 - 3) Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы жалған Парақ беру;
 - 4) Еңбекке уақытша жарамсыздығы кезінде пациенттің болу мерзімдерін негізсіз ұзарту;
 - 5) Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтаманы негізсіз беру;
 - 6) Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткені және жұмысқа және оқуға жіберілгені туралы анықтаманы негізсіз беру;
- Мерзімдерді орындау, мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелері, құжаттарды ресімдеу бойынша ескертулер жоқ. Көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдану бойынша өтініштер болған жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде талап етілетін құжаттардың тәртібі, мерзімдері мен тізбесі сақталады.

4) «Мемлекеттік сатып алу»

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) Әлеуетті өнім берушілер шеңберін шектеу;
- 2) Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу және сатып алу үшін бөлінетін ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаттарын бұзу;
- 3) Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу шарттарын бұзу;
- 4) Бәсекелестік қағидаттарын бұзу болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу заңда көзделген тәсілдермен бекітілген жоспарға сәйкес веб-портал арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде көбінесе баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс, аукцион сияқты бәсекелестік тәсілдер пайдаланылады. "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңына сәйкес жүзеге асыру тәсілін таңдау, ол мемлекеттік сатып алу жоспарында көрсетіледі. Мемлекеттік сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидатына сәйкес жүргізіледі. Хабарландырулар «ҚР Мемлекеттік сатып алу» интернет-ресурсында орналастырылады. Мемлекеттік сатып алу веб-портал арқылы жүзеге асырылады. Сатып алу қорытындылары бойынша хаттамалар қалыптастырылады. Мемлекеттік сатып алу бойынша, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін жеткізушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану мәніне, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын өндіріп алу мәніне сотқа уақтылы жүгінуден көрінетін сот практикасы бар. Тиісінше, аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелін іске асыру анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Шымкент қаласы бойынша департаменті қызметкерлері №1 қалалық клиникалық аурухана қызметкерлерімен жиналыс өткізді. Жиналыс барысында пара берген және алған азаматтар ҚР қылмыстық кодексімен заңмен қудаланатынын айтып түсіндірді.

Спикерлер:

Альжанова Ж.- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Шымкент қаласы бойынша департаментінің қызметкері ;

Ақтөре Т.- Тұран ауданының бас имамы;

Сихымбаев Р.- Денсаулық сақтау басқармасының заңгері;



Ал дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу ҚР Үкіметінің 04.06.2022 жылғы № 375 қаулысымен көзделген қағидаттарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

Өз кезегінде, 2023 жылы Медициналық ұйымдар басшылығының кезекті жиналысында, сыбайлас жемқорлық тақырыбы бойынша өзара тәжірибе алмасу барысында, дәріхана бөлімі бар ауруханаларда Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу кезінде дәріхана бөлімінде сыбайлас тәуекелдері пайда болуы қаупі анықталған. Атап айтқанда, дәрі-дәрмек жеткізушілер (Өнім берушілер) дәрілерді және медициналық бұйымдарды толық жеткізбей, ал қағаздарға толық жеткізілді деп медицина қызметкеріне құжаттарға қол қойғызып, оларға пара беру арқылы сыбайлас тәуекелі туындауы мүмкін.

Ары қарай, медицина қызметкері (жауапты маман) дәрі-дәрмек және медициналық бұйымдарды әр бөлімшелерге талаптарға сай емес, яғни қажетті мөлшерден аз таратады (ұрлыққа алып келу мүмкін), ал бұл медбикелердің науқасқа уақытылы және қажетті мөлшерден аз дәрілерді салуға қаупін және медициналық қызмет сапасын төмендеуіне алып келеді.

5) «Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері»

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) Өтініштерге жауап беру мерзімдерін бұзу;
- 2) Негізделген жүгіну кезінде басқару шешімдерінің болмауы.

Қазіргі таңда кез-келген өтініш, шағымдарды мемлекеттік E-otinish порталы арқылы қабылданады және уақытында қаралып сұраққа, өтініштерге қатысты жауапты маманмен қаралады.

№1 аурухана ішкі талдау бойынша құрылған жұмыс тобы азаматтар (науқастар) мен заңды тұлғалардан электрондық порталдар арқылы түсетін өтініштерге сыбайлас жемқорлық анықтау мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа тап (куә) болған немесе №1 аурухана дәрігерлерінің заңсыз әрекетсіздігіне шағымдар анықталған жоқ.

Қорытынды:

№1 аурухананың №316-ж/қ санды ішкі бұйрығына сәйкес, 17.05.2022ж. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережесі» бекітілген болатын. Бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережесі» бойынша келесі іс-шаралар жүргізілген болатын, атап кетсек төмендегідей:

– №1 аурухананың клиника-диагностикалық орталығының кіре беріс жерінен бөлме қарастырылып, ары қарай Фронт-офисі бөлмесі ашылды;

– Фронт-офисі бөлмесінің есігінің алдынан «Комплаенс офицер» қызметкерінің аты-жөні тегі, лауазымы, қай уақыттан бастап қабылдайтынын, яғни сағаты маңдайшаға көрсетіліп ілінеді.

- Фронт-офис бөлмесі арқылы, COMPLAENS офицер келуші азаматтарға (*науқастарға*) және №1 аурухана қызметкерлеріне, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы парақшалар (*визитка, листовка, брошюра, буклеттер*) тарқатылып және әр медицина қызметкерлернің бөлмелерінің алдына плакаттар ілініп, ары қарай сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы түсіндірме жұмыстары жиі жүргізіп тұрады.

Азаматтарды қабылдау кестесі, сенім телефоны туралы ақпарат әлеуметтік желіде, (facebook, instagram) стендте және ресми БАҚ-та орналастырылады.

№1 аурухана Нормативтік-құқықтық акт (НҚА) уақтылы жаңартылады және аурухана жергілікті желісінде өзектендіріледі, жаңа НҚА және оларға өзгерістер енгізу туралы мәліметтер қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

№1 аурухананың әлеуметтік желілерінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы "Қазақстан Республикасының Заңы, ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты орналастырылған.

№1 аурухананың қауіпсіздік деңгейін көтеру және оның ішінде тәртіп, құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында Қауіпсіздік қызметін құру және аурухана бойынша бейнебақылау камераларын орнату шешімі қабылданған. Бейнебақылау операторлары бейнекамералардағы жазбалар бойынша мониторинг жүргізіп, фактілер анықталған жағдайда дабыл қағып, тиісті шаралар қолданады.

КОМПЛАЕНС



1424

CALL-ЦЕНТР

офицер

Егер Сіз аурухана қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық фактісінің куәсі болсаңыз, Сізден комплаенс-офицерге №1 кабинетке «И» ғимаратына немесе + 7 702 083 66 25 нөміріне хабарлауыңызды сұраймыз.

Если вы стали свидетелем факта коррупционного правонарушения среди сотрудников больницы, просим Вас связаться с комплаенс-офицером по телефону + 7 702 083 66 25 или подойти в кабинет №1 в корпус «И».



Заңгер/юрист

КАДЫРОВ

АБДУЛ-АЗИЗ АЗАМАТУЛЫ

+7 (7252) 35-07-30

Жұмыс кестесі/Режим работы

Күнделікті/Ежедневно

11:00-12:00

Демалыс күндері/Выходные дни

Сенбі, жексенбі/ суббота, воскресенье

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар:

- 1) **«Қызметкерлерді басқару» және «Мүдделер қақтығысының және бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер» сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар:** Қызметкерлердің жұмысқа қабылдау барысында немесе бөлімшеден бөлімшеге ауысу кезінде және т.б мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін. №1 ауруханаға қызметкерлерді, туыстық қатынастары бар қызметкерлерді жұмысқа қабылдау барысында немесе бөлімшеден бөлімшеге ауысу кезіндегі (ротация) және мүдделер қақтығысы кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында осы мәселелерді шешуге жұмыс тобын құру ұсынылады.
- 2) **«Мемлекеттік сатып алу» сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар:** №1 ауруханаға Өнім берушілер жеткізген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қадағалау, яғни қанша жұмсалып, қай бөлімше қанша дәрі-дәрмек алғанын және осы дәріхана бөлімінде сыбайлас тәуекелдерін жою мақсатында СК-Фармациядан келетін дәрілік заттардың басқа Өнім жеткізушілерден келетін құрамдас дәрілік заттар болмауы мақсатында жұмыс тобы құрылу ұсынылады;
- 3) **«Мемлекеттік қызмет көрсету» сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар:** ҚР «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» заңнамасын түсіндіру бойынша медицина қызметкерлермен іс-шаралар жиі өткізуді ұсынылады.
- 4) кәсіпорын құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жағымсыз материалдарға реакцияның мониторингін жүзеге асыру.
- 5) Кәсіпорын туралы ақпаратты сайтта, әлеуметтік желіде уақытылы орналастыруды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттылықтың айдарларын жаңарту ұсынылады.
- 6) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды насихаттау бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізу ұсынылады.

Комплаенс-офицер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оған бағынышты тұлғалардан сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға дербес жауапты болады.